

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№44 (10 247)

25 қазан

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



25 қазан - Ұлттық рухты көтеретін мереке!

Құрметті отандастар!

Баршаңызды Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстанның Мемлекеттік егемендігі туралы декларация қастерлі Тәуелсіздігімізге жол ашты.

Сондықтан бұл тарихи құжаттың мән - маңызы зор.

Біз Республика күнін ұлттық мереке ретінде жаңа мазмұнда атап өтеміз. Осы бастама жұрттың кең қолдауына ие болып, дәстүрге айналып отыр.

Республика күні - халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке.

Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі, мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да - азаматтар!

Жаңғырған ұлттық мерекемізге орай

Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаевтың Республика күнімен құттықтауы



өңірлерде бірлігіміздің символы - көк туымызды көтеруге арналған салтанатты рәсім өтеді. Бұл - ұрпақ санасында отансүйгіштік қасиетті, елдік рух пен ұлттық ұстанымды бекемдей түсетін маңызды шара. Көк туымыз - егемендік, азаттық, бірлік, бейбітшілік сынды ізгі құндылықтарды ұштастыратын қастерлі рәміз.

Біз - байрағын биік ұстаған бабалардың ұрпағымыз. Сондықтан ту көтеру рәсімі ұлттық мерекенің маңызын арттырады.

Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Бағдарымыз - айқын, мақсатымыз - ортақ.

Біз тәуелсіздік тұғырын биік ұстап, мемлекеттігімізді нығайта береміз. Өйткені, Отанымыз - бір, мемлекетіміз - бір, халқымыз - бір.

Ендеше, Әділетті Қазақстанды бірге құрайық!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ - береке тілеймін!

Еліміздің егемендігі баянды болсын!



Ардақты Ардагерлер! Қадірлі аға буын өкілдері!

Сіздерді 25 қазан - Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақстан біраз жыл үзілістен кейін үшінші рет Республика күнін тойлайды. Бұл күн мереке қатарынан алынып тасталғанымен, Президент Қасым - Жомарт Тоқаев оны қайтадан атаулы күндердің бірі етіп бекітті. Мереке тарихы алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. Бұл жарлыққа Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған. 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №307-ХІІ Жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік



Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси - құқықтық негіздері жарияланды. Егеменді мемлекеттіліктің іргелі қағидаттары ретінде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттік бюджеті, халықаралық қатынастардағы дербестігі, мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Өткен жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды. "Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгеріс енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек, - деді.

Ендеше, елдігіміздің алғашқы мерекесі Республика күні құтты болсын.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ата - бабаларымыз армандаған, береке - бірлігі жарасқан Тәуелсіз елімізді сақтап қалу біздің барлығымыздың парызымыз. Мереке құтты болсын!

Құрметпен,
Берік ТЫНЫШБАЕВ,
Ақсу ауданының әкімі.

Қымбатты жерлестер!

Ақсу аудандық мәслихат депутаттарының атынан Сіздерді 25 қазан Ұлттық мерекемізбен шын жүрек, ыстық ықыласпен құттықтаймыз!

Мемлекет басшысы Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның символы болуы керек екенін айтты, араға біраз жыл салып қайта тойлауға шешім қабылдады.

Тәуелсіз мемлекеттің барлық тыныс - тіршілігін, оның мемлекеттік құрылымын әлеуметтік, экономикалық дамуы мен саяси жүйесін қалыптастырып, оны нығайтуға атсалысқан, қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған заңдардың қабылдануы да осы заң шығарушы орган - Парламенттің үлесіне тиесілі. Осы жолда депутаттар құрамы, яғни, жалпы Парламент - парламентаризмнің қалыптасу, даму кезеңдерін басынан өткерді.

Республика күні, 25 қазанда Қазақстанның мұқым халқының достығы, төзімділігі, жеткен жетістігі, ұлттық стратегиялық мүддесі мейлінше насихатталып, патриоттық, бүгінгі Қазақстан патриоттығын айқындайтын факторлар әлемге паш етілуі тиіс деп ойлаймын.

Тәуелсіздік декларациясын жарияладық, Конституциямызды қабылдадық, ұлттық



стратегиялық мүдделерімізді анықтадық. Сондықтан бұл құжаттың маңызын кетіруге болмайды. Оны бірінші кезекке қоюымыз керек. Бұл күн тәуелсіздігіміздің күні болуы тиіс. Нақтырақ айтқанда, 25 қазан Тәуелсіз Республика декларациясы қабылданған Мейрам күні болуы керек.

Сіздерді Республикамыздың әр азаматы үшін айтулы мереке - Республика күнімен құттықтаймыз! Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын осы салтанатты күні Сізге игілік пен бақыт, бақ - дәулет, ырыс тілеймін. Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларың сәтті болсын! Еліміздің дәулеті, жеріміздің сәулеті жолындағы игілікті істеріңіз табысты болсын!

Бейбіт СҮЛЕЙМЕНОВ,
Ақсу аудандық мәслихатының төрағасы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Ұстазға құрмет



Жаңылысұлы шәкірт ретінде ыстық ықыласын білдіріп, алғысын айтып, арқасына камзол шапан, орамалын жапты. «AMANAT» партиясының аудандық филиалының төрағасы Құрманғалиева Алма Жанатбекқызы, аудандық Білім бөлімінің басшысы Айдынбек Құмарбекұлы тілектерін айтып, домбыра сыйлады.

Кезекпен сөз алған барлық шәкірттері ұстаз алдында кісілік, кішіліктерін көрсетіп, бүгінде қандай дәрежеге жетсе де барлығы ұстаздың еңбегі екенін жеткізіп жатты.

Шараны ұйымдастырушы, шәкірті, бүгінде демалыстағы полиция полковнигі, үш ауданның «Құрметті азаматы» Талғат Құтымов пен облыстық «AMANAT» партиясының атынан келген жерлесіміз, Досмұхамбетов Асхат Сейденұлы шараны қорытындылап, ұстазға сый – сияпатын жасап, өзінің арнап келген өлеңін оқыды. Онда:

Айтайын бір ауыз сөз жүрегімнен,
Қазақпыз пейілі зор, тілеуі кең.
Рабиға ұстаз туған күніңіз

құтты болсын,
Жасай беріңіз халқыңыздың тілегімен.

Жетпіс бес орта жасқа саналады,
Жаныңыз жақсылықтан жаңарады.
Қабыл болсын бүгінгі көп тілеуі,
Мың жасаңыз – шәкіртіңіз қалағаны!

Шын жүректен басыңызға бақ тіледім,
Сізге арнап айтылады ақ тілегім.
Сізден алған тәрбие, білімдерім,
Бағымды Рабиға ұстаз жақты менің.

Сізді бүгін ел – жұртыңыз ұлықтайды,
Жақсы сөз жаныңызды суытпайды.
45 жыл еңбегіңіз ел есінде,
Ұстазды ешбір шәкірт ұмытпайды –
деп әдемі айтылған екен.

Иә, қандай мамандық иесі болмасын,
өз ісінің майталманы болу – мақсаты.
Ол ізденуді, оқуды, маңдай тер төгуді
қажет етеді. Және адал еңбек еткен
жанның еңбегі еленіп, түрлі жетістікке,
марапатқа, құрметке лайық болатыны
сөзсіз.

Еңбек жолын Сарқан ауданында бастаса да Ақсу ауданында Қаракемер орта мектебінде 45 жыл ұстаздық еткен ардақты ұстаз алғаш осы ауылға келгенімде қазақ тілін түсінсем де сөйлеу білмедім. Сонда үлкен ағай – апайларымыздың ізінде жүріп, көп нәрсені үйрендік. Одан жаман болдым дей алмаймын. Қазақ тілі де – ана тілім ғой, кез – келген адамды жаңылдырамын. Қаншама "Алғыс хаттар" мен "Құрмет Грамоталарымен" марапатталдым. Ауданның «Құрметті азаматы» атандым. Өзім ғана емес, қаншама шәкірттерім әр салада абыройлы еңбек етіп жүр. Солардың бірі, осы шараны ұйымдастырушы Талғат балам. Соның бәрін тек ізденіс пен еңбектің арқасы деп білемін. Мені қолдаған барша ұжымдастарыма рахмет айтамын, – деп ақ тілегін жеткізді.

Табысқа жетудің жалғыз жолы – өз кәсібінің шебері болу және ерінбей еңбек ету. Сондықтан барша еңбек адамы қоғамның бар құрметіне лайық.

Шара соңы аудан өнерпаздарының концертімен ұласты.

Ербол СЫМХАНОВ.

Алтынарық ауылы.

«Адамды адам еткен – еңбек», – дегендей бүгінгі қоғам кешегі еселі еңбек еткен тұлғалардың арқасында даму үстінде. Бүгінгі күні де тек еңбек арқылы адам көздеген мақсатына жетуде. Сондықтан қай қоғамда да еңбек еткеннің еңсесі биік.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев нағыз еңбек адамы дегеніміз кім екенін пайымдап, «бұл, ең алдымен, өзіне жүктелген міндетті орындау үшін барын салып еңбек ететін білікті маман. Нағыз еңбек адамы — бұл істің адамы, яғни, әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат» деген болатын.

Иә, бүгінде біздің түсінікте белгілі бір дәрежеге, мансапқа, байлыққа қолы жеткен адамдарды ғана еңбек адамы деп қарайтын секілдіміз. Ал, шын мәнісінде қызметі көзге көрінбейтін, халық арасында қаншама жандар бар. Олардың да істеп жүргені еңбек. Тек бір адамдарда ми еңбегі, ой еңбегі басым болса, енді біреулері керісінше физикалық тұрғыдан көп қимылдап, күннің ыстығы мен суығына қарамай еңбек етіп жүреді.

Осындай еңбектің басында ұстаз еңбегі ерекше.

Ұстаз жолы – қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы. Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері атанған кәсіби ұстаздар жетерлік. Солардың бірі - Алтынарық ауылындағы Қаракемер орта мектебінің ардагер - ұстазы, орыс тілі пәнінің мұғалімі Битуғанова Рабиға Жұмасілқызы апайымыз ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің айшықты еңбегімен дараланған Рабиға Жұмасілқызы бүгінде 75 жасқа толып отыр. Рабиға апай «Жұмысыңды жақсы көріп, одан ләззат алсаң, қиындықтар байқалмайды», – дейді.

Сахна төріндегі ұстазға арнап дайындаған банерде:

«Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,
Сырлары көп сыртқа әлі шашпаған.
Шаршаса да осы жолдың бойында,
Қандай рахат, шын бақытын тапса
адам», – деп жазылыпты.

Міне, өткен ғасыр мен осы ғасыр еншісінде еңбек көрігін қыздырып, содан бақытын тапқан аяулы ұстазды шәкірттері зор құрметке бөледі.

Білікті ұстаз - білімді шәкірт тәрбиелейді. Ұстаз - білім арқылы шәкірттің болашағына жол ашатын, жаңашылдыққа жаны жақын, жаңа заман ағымына ілесе алатын жас ұрпақ тәрбиелеуші, – десек осындай жақсы, саналы тәрбие мен сапалы білім алған өзінің шәкірті бүгінде Ақсу, Сарқан, Көксу аудандарының «Құрметті азаматы» Талғат Құтымовтың ұйымдастыруымен Қаракемер орта мектебінде апайымыздың 75 жасқа толуына орай, еңбек адамының еңбегін бағалаған ерекше шара өтті.

Оқығаннан бұрын өзгені оқытқан қиын, күрделі кезеңде өзінің білімі мен біліктілігін бере білген Рабиға апайдың туған күніне ауданнан, басқа аудандардағы абыройлы еңбек етіп жатқан шәкірттері, әріптестері жиналды.

Алғашқы сөз кезегін алған аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев әріптесі, жерлесі ретінде ақ тілегін айтса, аудандық мәслихат төрағасы Сүлейменов Бейбіт

МЕРИТОКРАТИЯ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАБЫЛДАУ МЕН ІЛГЕРІЛЕУДІҢ НАҚТЫ ҚАҒИДАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында еліміздегі мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби жұмысының маңыздылығын бірнеше мәрте атап өтіп, мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты жаңа міндеттер қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік қызметті дамыту қағидатының бірі – меритократия, яғни мемлекеттік қызметке іріктеу және қызметі бойынша ілгерілету сіңірген еңбегіне, құзыретіне және кәсіби дағдыларына негізделеді деп көрсетілген.

Бүгінгі күні еліміздің мемлекеттік басқару жүйесі меритократия қағидатына негізделген мемлекеттік қызметтің өзіндік үлгісі қалыптастыра алды.

Үміткерлер мемлекеттік қызметтегі өзінің кәсіби қызметін төменгі лауазымнан бастайды, ал олардың одан әрі ілгерілеуі тиісті саладағы еңбегі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, конкурстық және құзыреттері негізінде жүзеге асырылады. Лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктері негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету ішкі конкурстар және ауысу тәртібімен жүзеге асырылады. Негізгі талап: мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігі мен кәсіби дайындығының болуы.

Меритократия қағидатының іс жүзінде іске асырылуы мемлекеттік аппаратқа деген сенімділікті нығайтып, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілердің жай-күйі туралы есептілігінің нәтижесіне сәйкес, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарында 2024 жылдың 9 айы бойынша меритократия қағидатының сақталу деңгейі 73,3% құрайды. Яғни, ағымдағы жылы 90 лауазымға ішкі конкурс өтіп, 66 азамат ілгерілету арқылы жоғары лауазымдарға тағайындалды.

Бұл қағидат мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету қағидатына негізделіп, ашықтық, жариялылық және әділдік принциптерімен ұштастырылған.

Бәсекеге қабілетті ел — барлық салада бәсекеге қабілетті мамандардан құрылады. Меритократия тең мүмкіндіктің және әділдіктің арқасында мемлекеттік қызметте қызмет баспалдағы бойынша қабілетті, білікті маманның жоғарылауына ықпал жасайды. Осы орайда, меритократия қағидатын уақыт талабына сай нығайту арқылы қабілетті қызметкерлерді шыңдауға, олардың кәсіби деңгейін арттыруға болады.

Меритократия қағидатын қолдану мемлекеттің өркендеуіне бағытталған жол, ал меритократия принциптерін нығайту мемлекеттік қызметшінің сіңірген еңбегін әділ бағалаудың мүмкіндігі болып табылады.

Б.ШАРИПОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

Білім саласында мемлекеттік қызметтерді заңнама талаптарына сәйкес көрсетілмеу себебінен 62 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік қызметтер көрсету барысында заңдылықтың сақталуының қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың қазан айында облыс көлемінде орналасқан мектептер және балабақшалармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қашықтықтан байқау жүргізіп, қызмет берушілер тарапынан бірқатар заң бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 Бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 22 тармағына сәйкес, балаларды мектепке, балабақшаларға қабылдау үшін тапсырылған құжаттар, көрсетілетін қызметті берушімен құжаттар келіп түскен күні тіркеледі, сәйкестігіне тексеріледі және нәтижесін беруді қамтамасыз ету міндеттілігі көзделген.

Алайда, Департаментпен Көксу, Ескелді, Алакөл, Панфилов және Ақсу аудандарының аумағында орналасқан бірқатар мектептер мен балабақшаларда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұзу, яғни қызмет алушылардың өтініштерін уақытылы тіркелмеу түріндегі 62 факті анықталды.

Нәтижесінде, Департаментпен Жетісу облысы, Білім басқармасына заңдылықтың бұзылуына әкеп соққан себептерді және оның салдарын жою туралы тиісті ұсыным хат жолданып, оны қарау қортындысы бойынша 62 қызмет алушылардың өтініштерін тіркеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ.

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

ЖОБА

Ақсу ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Ақсу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақсу ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем кезінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Ақсу аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 наурыздағы №25-112 «Ақсу ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Аудандық мәслихат
төрағасы

Аты жөні

РЕШЕНИЕ АКСУСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

ПРОЕКТ

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Аксуском районе

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), маслихат Аксуского района **РЕШИЛ:**

1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога в Аксуском районе с 4 (четырёх) на 2 (два) процента по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.

2. Признать утратившим силу решение маслихата Аксуского района от 14 марта 2024 года №25-112 «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога по Аксускому району».

3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2025 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель
маслихата

ФИО

● МАМАН КЕҢЕСТЕРІ

ПАРЕНТЕРАЛЬДЫ ВИРУСТЫҚ ГЕПАТИТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ

Парентеральды вирусты гепатиттер - зақымдалған тері жабдықтары мен сілемейлі қабықтар арқылы жұғатын вирусты адам ауруларының тобы. Парентеральды вирустық гепатиттер көбіне созылмалы гепатит, цирроз және бауырдың бастапқы обрына себепші болады. В және С вирустары тудыратын гепатиттер жиі кездеседі.

В гепатиті вирусы сыртқы ортада өте төзімді. Вирус антигені төсек-орын жабдықтарында, медициналық және стоматологиялық аспаптарда, қанмен ластанған инелерде (бөлме температурасында бірнеше ай бойы) анықталады. С гепатитінің вирусы сыртқы ортада төзімділігі аз, бірақ бұл ретте қанмен және басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған заттар қауіп төндіреді.

Инфекция көзі аурудың жіті және созылмалы түрімен ауыратын науқастар мен таратушылар болып табылады. Қан беру механизмінде қан, шәует және сілекей нақты эпидемиологиялық қауіп төндіреді, өйткені басқа сұйықтықтарда вирус өте аз шоғырланады.

Вирус жыныстық қатынастар кезінде, ластанған тұрмыстық заттар (ұстаралар, тіс щеткасы, сүлгілер, жеке) арқылы берілуі мүмкін. Ауру таратушылары мен созылмалы түрлерімен ауыратын науқастар отбасы ішіндегі тығыз қарым-қатынас кезінде басты қауіп төндіреді.

Парентеральды гепатит татуировка, құлақ тесу, маникюр мен педикюр жасау, жарақаттау сипатындағы косметикалық емшаралар нәтижесінде жұғуы мүмкін. Егер көп рет

қолданылатын құралдарды өңдеуде бұзушылықтар болса және осы рәсімдерді жүргізу кезінде санитариялық-профилактикалық және санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шаралар сақталмаса, онда адам тері жабыны мен сілемейлі қабықтың тұтастығын бұза отырып жүргізілетін (инъекциялар, стоматологиялық және гинекологиялық емшаралар) емдеу-диагностикалық емшараларын жүргізу кезінде инфекция жұқтыруы мүмкін.

Ауру қан мен оның компоненттерін құю кезінде, ағзалар, тіндер, жасушаларды ауыстырып салу кезінде берілуі мүмкін. Қоздырғыштың анадан балаға тік берілуі де мүмкін.

Есірткі және психотроптық заттарды парентеральды енгізу кезінде В және С гепатиттерімен жұқтыру жағдайлары жиі кездеседі.

Профилактикалық іс-шаралар. Профилактикалық іс-шаралар кешенінде қан құю және емдеу-диагностикалық парентеральды манипуляцияларды жүргізу кезінде жұқтырудың алдын алуға бағытталған шаралар аса маңызды болып табылады. Барлық донорлар В және С гепатиті маркерлерінің болуына кешенді клиникалық-зертханалық тексеруден өтеді. Өткен мерзіміне қарамастан В және С вирустық гепатиттерімен ауырған, сондай-ақ соңғы 6 ай ішінде науқастармен қарым-қатынаста болған адамдар донорлықтан шеттетіледі. Тері жабындары мен сілемейлі қабықтардың зақымдалуымен байланысты манипуляциялар кезінде бір рет қолданылатын құралдарды пайдалану, медициналық құрал-саймандарды стерилизациялау, құрал-саймандарды, жабдықтарды,

жиһаздарды, қауіпті қалдықтарды дезинфекциялау арқылы парентеральды гепатиттердің арнайы емес профилактикасына қол жеткізіледі. Осындай талаптар косметикалық емшараларды, маникюр, педикюр, татуировка жасау кезінде де сақталуы тиіс.

Санитариялық-гигиеналық шаралармен В және С гепатиті вирусының табиғи берілу жолдарын тоқтату қамтамасыз етіледі: барлық жеке гигиена заттарын дараулау және оларды бөлек сақтау (ұстара аспаптары, тіс щеткасы, жөкелер, тарақтар және т.б.), жеке гигиена ережелерін сақтау, тұрмыста және өндірісте шағын жарақаттардың алдын алу.

Инфекцияның жыныстық жолмен берілуінің алдын алу кездейсоқ жыныстық байланысты болдырмау және механикалық контрацептивтік заттарды пайдалану қажеттілігін көздейді.

Медициналық ұйымдарда кәсіби жұқтырудың алдын алуға гемодиализ, хирургиялық, зертханалық және басқа да бөлімшелерде эпидемияға қарсы режим ережелерін сақтау арқылы қол жеткізіледі.

В гепатиті вирусының берілу жолдарының алуан түрлі және инфекция көздерінің көп екенін ескере отырып, алдын алудың ең тиімді әдісі - В вирустық гепатитіне қарсы вакцинациялау болып табылады.

С вирустық гепатитіне және парентеральды гепатиттердің басқа да түрлеріне қарсы вакцина әзірленбеген. Осы инфекциялардың алдын алу мақсатында алдын алу бойынша жалпы ұсынымдарды сақтау қажет.

САЛЬМОНЕЛЛЕЗ:

Белгілері және алдын алу

Сальмонеллез – бұл асқазан - ішек жолына әсер ететін жіті жұқпалы ауру. Инфекцияның қоздырғыштары – сальмонеллалар тұқымдасына жататын микроорганизмдер.

Инфекция көзі ауру адам немесе үй жануарлары, сондай-ақ бактерия тасымалдаушылар болып есептеледі.

Адам инфекцияны науқаспен байланыста болған кезде немесе сальмонелламен залалданған тағамдарды жеген кезде (негізінен жұмыртқа, құс еті, сүт өнімдері, сондай-ақ, көпмен ластанған көкөністер мен жемістер) жұқтырады. Бала үшін көбінесе инфекция көзі оған қамқорлық жасайтын және тамақ дайындайтын анасы болып табылады.

Аурудың инкубациялық кезеңі 6 сағаттан 3 күнге дейінгі мерзімді құрайды. Сальмонеллездің клиникалық белгілері іштің қатты ауырсынуымен, дене қызуының көтерілуімен, диареямен, жүрек айнуымен және құсумен сипатталады.

Өзіңізді сальмонеллезден қалай қорғауға болады? 1. Дәретханаға барғаннан кейін және тамақтанар алдында қолыңызды сабынмен мұқият жуыңыз.

2. Тез бұзылатын өнімдерді сақтау шарттарын қатаң сақтаңыз.

3. Шикі тағамдар мен дайын тағамдарды бөлек сақтаңыз.

4. Рұқсат етілмеген сауда орындарынан ет, ет өнімдерін, құс етін, жұмыртқаны, сүт өнімдерін сатып алмаңыз.

5. Жартылай шикі тағамдарды жеуге болмайды, ет тағамдары мен құс тағамдарын дайындау кезінде температура режимін сақтаңыз.

6. Дүкеннен әкелгеннен кейін жемістерді, көкөністерді, қарбыздар мен қауындарды, сондай-ақ тауық жұмыртқаларын ағынды судың астында мұқият жуыңыз.

7. Ас үй ыдыстарын мұқият жуып, қайнаған суға салыңыз.

Балалар арасында аурудың алдын алуға ерекше назар аудару қажет, бұл ретте аналар, әсіресе, өмірінің алғашқы жылында балаларды күту және тамақтандыру бойынша дәрігерлердің ұсынымдарын мұлткіз орындауы қажет.

Эпидемиологияр сальмонеллездің белгілері пайда болған жағдайда өзін-өзі емдеуге болмайтынын, дер кезінде медициналық көмекке жүгіну керектігін еске салады!

Б.ТЕМІРХАНОВ,
аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

● **ЖУРНАЛИСТ, МЫҚТЫ САЯСАТКЕР, ТІЛ ЖАНАШЫРЫ МҰХӘМЕТӘЛІ НАЙМАНХАНҰЛЫН ЕСКЕ АЛУ**

Маңдайыңа жазылған ғұмыр кештің

/Мұхаметәлі Қазбанбетовтың рухына/



Кеміте алмас сипатың - сыныңды ешкім, Маңдайыңа жазылған ғұмыр кештің. Пайғамбардан ат алған Жайлау - тағдыр. Құрығына ажалдың ілінбес кім?! Жайдырмады құлашты ажал тұсап, Жазмыш тұрды жалаңдап, жан алғыш-ақ. Аманатын алланың тапсырдың да, Ашылған соң алдыңнан амал - кітап.

Көзін аштың сөз - тұма, жыр - қайнардың, Жылнамасын еліңнің тынбай жаздың. Соңғы кезде дерт құрсап, мұң кешіп ең, Өзің де енді естелік - мұңға айналдың.

Еңіреген ер едің ел дейтұғын, Құлагер ең бәйге алдын бермейтұғын. Қалды ұрпағың жоқ деуге сенбейтұғын, Қалды мұраң соңыңда өлмейтұғын.

Қалды артыңда жеткізбей армандарың, Қойылмаған нүктесі жазғандарың. Айта жүрсін дейтұғын жақсы ісің көп, Жыр - дұғамды рухыңа менде арнадым.

Жомарт ИГИМАН.

Ол халық айтқандай – қоғамның үні мен қоғамның қырағы көзі. Оның тілі заңның тілі, әділеттің ащы тілі. Ол - қоғамдағы жақсылық атаулыны жаңғыртып, жамандық атаулының жер - жебіріне жететін қаламгер мен ұлы қайраткер. Ол жан - жақты дамыған, әрқашан шындықты айтатын, әділеттілікті қолдайтын, ақ пен қараның ара жігін ажырата алатын, жақсылық пен жамандықты айыра алатын адам. Мен бұл жерде нағыз журналист туралы айтып отырмын. Осындай нағыз журналистің бірі болған, журналист қана емес, нағыз саясаткер, нағыз тіл жанашыры болған алдыңғы толқын ағаларымыздың бірі, бірегейі Мұхаметәлі Найманханұлы, халыққа танымал атымен атасақ Жайлау ағамыз еді. Иә, Жайлау ағамыз газетіміздің редакторы болған кезде әрдайым «Нағыз Журналист болу үшін, ақпаратты қабылдап жеткізіп қана қоймай, жақсы жаза білуі, өзіндік айтатын ойын жіктеп, саралап, керемет сөз тіркестерін қолданып және әрбір сөзді дұрыс орнымен пайдаланып, оқырманға жеткізе білуі маңызды. Сондықтан жақсы журналист болудың бірінші жолы - дұрыс жаза білу», - деп айтып отыратын.

Енді, бүгін сол асыл ағамызды тағы да еске алып, естелік жазып отырмыз. Жайлау ағамыз туралы айтарда ағамыз өмірден озғанда жазған шәкірттерінің бірі Кенжебектің өлеңі ойымызға оралады. Өйткені:

Қайда барса тақиясын тастамай, Төрден төбе көрсететін патшадай. Жаны қазақ, қаны қазақ жан еді, Ақ жүрегі үлбіреген мақтадай – деп басталатын өлең Жайлау ағамызды бірден көз алдыңа алып келетіні шындық.

Жайлау ағамыз жерлесім, әкемнің сыныптасы, бір көшеде тұрып, бірге ойнап өскенін бір естелігімде айтқанмын. Яғни, 1953 жылы 18 шілдеде Діңгек ауылында дүниеге келген. ҚазМУ-дың журналистика факультетін бітірген. Еңбек жолын 1970 жылы Сағабүйен ауылындағы Т.Тоқтаров атындағы орта мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастаған. Бұл туралы да өзімді ағаның ізін басқан ізбасары ретінде өзімнен салыстырып жазғанмын. Мен де еңбек жолымды мұғалімдіктен бастағанмын. 1976 - 1986 жылдары аудандық «Өмір нұры» газетінде аға әдеби қызметкер, ауылшаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болды. Мен де мұғалімдіктен кейін журналистік салаға ауыстым. 1987 - 1990 жылдары аудандық партия комитетінің нұсқаушысы болды. 1990 жылы аудандық «Қазақ тілі»

АҒА ТӘРБИЕСІ ЖАДЫМЫЗДА



қоғамының төрағалығына сайланды. Мен де «халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Ақсу аудандық филиалының төрағасы болдым. 1993 - 1996 жылдары аудандық тіл басқармасын, аудан әкімдігінің ұлт саясаты бөлімдерін басқарды. 1996 - 1997 жылдары аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, 1998 - 2014 жылдары аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарды. Маған енді Жайлау ағамыз ұқсау үшін ішкі саясатта жұмыс жасау ғана қалды.

2015 жылдан 2019 жылға дейін «Ақсу өңірі» ЖШС аудандық газетінің директор - бас редакторы қызметін атқарып, зейнеткерлік демалысқа шықты. «Кесенедегі құс ұясы», «Ақсудан шыққан арыстар», «Жер жасырған жыр», «Киелі тәуіп», «Қайнар батыр», «Абыз Ақсу», «Кіндікқоңыр», «Аманат», «Алаштың соңғы асы», «Даңқ орденді дөрігер» атты кітаптары жарық көрді. «Жайдарман», «Қазақ жерінің зиялы азаматтары», «Алаштың 100 арысы» кітаптарына әңгіме, очерктері енген. 1993 жылы Ақын Сараның 115 жылдығына жарияланған облыстық үздік шығармалар бәйгесінде «Кесенедегі құс ұясы» повесі үшін Бас жүлдені, 2015 жылы «Дін және дәстүр» байқауында жүлделі екінші орынды, 2017 жылы ҚХА-ның «Шаңырақ» байқауында Бас жүлдені жеңіп алды.

«ҚР Конституциясына 10, 20 жыл», «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарының иегері, Елбасының және облыс әкімінің «Алғыс хаты», облыстық ішкі саясат департаментінің,

ғұмырында соңына үлгісі мен ізін қалдыра білді. Жайлау ағамыз шындықтың аузын буған, ақиқаттың атасын көрге көмген, сол кезеңде де айтарын ашық жеткізіп, алаштың игілігі үшін, халықтың қамы үшін қалам тербеген қаламгердің бірі болып, адами болмысы мен биік парасаты әлі күнге ел аузында.

Бізге де ақыл – кеңесін айтқанда «Нағыз журналист болу үшін табандылық пен мінезділік керек. Себебі, кез - келген адам топ ішін жарып шығып, кез - келген жерде өз ойын еркін білдіре алмайды. Ол үшін журналистке тән күш - қайрат, батылдық жалпы қайтпас қайсар мінез қажет. Иә, журналист батыл болуы шарт. Журналист нағыз әділдік пен шындықты жазуы тиіс, – деп айтатын.

Маған кейде жол сапарға бірге шығып, газеттің болашағы туралы әңгімелескенімізде:

– Сен қазір мықты жазасың, мықты жазушысың, ақынсың. Білемін, бірақ сенде мінез жоқ, Газетті басқару үшін мінез керек. Әйтпесе, әкімдіктен бастап, қарапайым жұрттың өзі газетті басынып алады, – деген еді. Бірақ менің ойым мінезді сол кезде кімге көрсетіміз керек еді? – деп қалдым. Жай, менің сұрақтарыма көңілімді аулап қайтарған жауабы ғой деп түсіндім.

Әйтпесе, Қызылқайыңның клубы істеп тұрғанда менің кішірек кезімде ауылда ақын бар деп сол кездегі ауданның бас ақыны Бекболат Атамбаев бастаған ауданнан енді шыққан жас ақындарды ертіп, Қызылқайыңға келер ме еді. Менің студент кезімде облыста Бас жүлде алғанымды да біледі. Ауданда өткен оқушылар айтысында өзі әділқазы болып отырып, суретке түсіріп жүрген мені Айтақынмен айтыстырар ма еді. Бекболатпен де бірнеше рет салды. Ақынды мінез болмаса тартынбай сахнаға шыға алады ма?

Жайлау ағам мені солай сынап, мықты тәрбие де бере білді. Бірақ, маған дұрыс баға бере алмағанына аздап көңілім қалып еді, алайда жақсы адамды сағынбау, оның асыл қасиеттерін аңсамау мүмкін емес екен. Мүмкін маған әдейі ашылсын, әбден піссін деген шығар. Қайран ағаны бүгін сағынып отырмыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннатта болсын деп дұға етеміз. Аман қанша.

Бұл сөздерім де сол мінезден шығып отырған шығар. Кешіріңіз, ұлым шындықты айтты деп, рухыңыз риза болсын.

Ербол СЫМХАНОВ.

Ақ әжеміз – "Үздік әже" атанды

Жетісу облысының қоғамдық даму басқармасының ұйымдастыруымен 17 қазанда Талдықорған қаласының «Достық» үйінде «Үздік әже» атты облыстық байқау өтті. Осы байқауға Ақсу ауданы атынан Қарашілік ауылдық округінен Сағабүйен «Ақ әжелер» тобының жетекшісі Құмарбекова Төлеухан немере – шөберелерімен қатысып қайтты. Апамыз өзінің ақындық өнерімен домбырасын қолына алып, сайыстың таныстыру кезеңінен сүрінбей топ жарып шықты. Шөберелерінің де өздерін тақпақтатып таныстырып шыққанына көрермендер де қол соғып ризашылығын білдіріп жатты.

Жарыстың екінші кезеңінде әр қатысушыға он сұрақ беріліп, табан астында тапқырлықпен жауап беруі талап етілді. Бұл кезеңнен де апамыздың топ жарып, жоғары бағаға ие болғанын көрермендердің қошеметінен байқадық.

Үшінші кезең заманауи ертегіден құрастырып сахналық көрініспен орындап шығу тапсырылған екен. «Жақсылық пен жамандық» атты халық ертегісінің кейіпкерлері дана жолаушы, жылан, алма ағашы, түйе, ақылды баланың кейпінде сценари құрастырып, ертегінің тәрбиелік мәнін өте шеберлікпен ашып берді. Ұзындығы үш метр тірі жыланнан аумайтын жыланды сахнаға алып шығу,



алма ағашын тұғырға бекітіп, басына кәдімгі алмаларды іліп сахнаға қою, түйенің макетін аудармай жасау, оларды шөберелері арқылы сөйлетумен өте тапқырлық танытты.

Төртінші кезең көп өнері мен ұлттық тағамдар көрмесі болды. Бұл кезеңде де әжеміз көз тартатын құрақ көрпелерімен, әшекей бұйымдарымен, пластмасс баклашкалардан жасаған гүл сауыттары мен гүлдерімен көрермендер мен қазылар алқасын таңқалдырды. Сағабүйендік әжелер тобы аудан, облыс, республика көлемінде өтіп жатқан небір шараларға қатысып жүреді. Сол уақыттарда ауыл әкімі Нұрқуат Демесінұлы демеушілік жасап, көлік ұйымдастырып, өзі бірге барып, алып келуден ешқашан жалыққан емес. «Әкім бол, халқыңа жақын бол», - деген осы.

Сөйтіп, облыс көлемінде жиналған әжелерден топ жарып, бірінші дәрежелі дипломмен және алпыс мың ақшалай сыйлықпен оралды. Жасы жетпіс бесті еңсерсе де немере – шөберелерін өнерге баулып жүрген әжемізге тек қана амандық, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Бақыт ҚҰРМАНҒАЛИЕВА, аудандық Әжелер тобының жетекшісі.

(Соңы. Басы өткен сандарда).



А. ЖУБАНОВ,
академик.

«Торға түскен боз торғай
Шырылдайды күнінде.
Таланыш тоқтап бұл күнде,
Шыға алмай жүр үйінде.
Жақсылық сенен күтпеймін,
Отырсам да төрінде.
Тақыс біткен қысықпын.
Көңілім, жұмсап еріме.
Алпыстан асып жас кетті,
Төрімнен жуық көрім де.
Өмірден көріп рахат,
Шағала құстай шарықтап,
Жүре алмадым көлімде.
Атамның кегін алам деп,
Асынған қару белімде.
Арқама сүйеу болатын
Асыл туған ер жігіт,
Болмады-ау, қайран елімде!
Атамыз қазақ болғанда,
Артық бір туған ерімсің,
Бақытың баста шалқыған.
Көзден үйрек ілем деп,
Лашын құстай талпынған.
Менен нені сұрайсың,
Елден шыққан талқыдан.
Елсізге шығып әңіредім,
Алыстап кетіп халқыман.
Дұшпаннан қорлық көрсем де,
Іздейтін болмай артыман.
Жаласымен дұшпанның,
Тағы да түстім торыңа.
Құладым қазған орыңа,
Ризамын не қылсаң,
Өзіңнің келдім қолыңа!» – дейді. Мақаш

Құрманғазының артық – кем кеткен сөздерін елемей, тағы біраз күй тыңдап:
– Айтарың болса тағы сөйле, жүйрігім,
екі құлағың сенде, – деп күйшінің қолына домбырасын береді. Құрманғазы енді арқа – басы кеңігендей, правительдің бет-әліпін байқағасын алыстан орап уақыт жібермей, келген жұмысын туралап айтады:

«Сайқалдап кезіп жүріп Сырға бардым,
Құбажон адам жұрмес қырға бардым.
Ол менің елім де емес, жерім де емес,
Қорықтым әкімдерден, зорға бардым.
Сапырған Самарқанды қайран басым,
Жектейін жаяу жүріп жорғаладым.
Жақсылық басқа әкімнен көрегенсің,
Өзіңе келіп міне қорғаладым.
Хан болған қара басың, ханым, тақсыр,
Хандығың халайыққа мәлім, тақсыр.
Сүт берген екі емшектен сексен үште,
Күн көрер қайда барып анам, тақсыр.
Жас келген жамағатым күн көре алмай,
Тозды ғой ер орынға балам тақсыр.
Еріксіз жер-жаһанды кезіп келдім,
Тиеді енді қашан панаң, тақсыр», – деп домбырасын жерге қойып, біраз үндемей отырады. Мақаш та бірқатар уақыт үнсіз қалады. Ертеңінде Мақаш генерал – губернаторға өзі барып, «Құрманғазы енді ешкімге де зиян істемейді, мен өзім кепіл боламын» деп генералды көндіріп, күйшіге бұдан былай ешкім тимейтін етіп «Ақ паспорт» алып береді.

Құрманғазы Жиделіге келіп, үй ішіне қуанышты айтып, енді шын мәнісінде тыныштық өмір сүруге бет алғанын баяндайды.

Мақаштың ақылы бойынша Құрманғазы үй ішімен Сахмаға көшіп барып, сол араға біржолата мекендейді. Бұл сексенінші жылдардың бас кезі болады. Кейбіреулердің айтулары бойынша, Құрманғазының Қазіи бұл кездерде (1884 жылдары) Траван батағасында Петруха деген байдың жұмысын істейді.

Қудалаудан қауіпсіз болғасын, Құрманғазы «енді жасым да болса келіп қалды, елімді тағы бір аралайын» деп Сахмадан шығып, Бекетай құмына келеді. Бұл 1888 жылдар шамасы болады. Жақсы көретін шәкірті Динамен соңғы рет кездеседі.

Ұстазы мен шәкірті біраз күндер домбыра тартып күн өткізеді. Динамен қоштасып, Құрманғазы енді өзінің бұрынғы досы Қашаған ақынның Бөкей жеріне келіп жүргенін есітіп, оны тауып алады. Қашаған екеуі бұдан көп жылдар бұрын талай рет бірге болып, талай рет Қашағанның Құрманғазының домбырасын қорғағанын естеріне түсіреді. Ол мынадай оқиға еді.

Қашаған мен Құрманғазы бір күні ел аралап жүріп бір дүмше молданың (шала сауатты молданы қазактар солай дейді. – А.Ж.) үйіне келеді. Молда далаға шығып кеткенде, кішкене баласы Құрманғазының домбырасын қолына ұстап тамаша етіп отырады. Қашаған да, Құрманғазы да балаға еш нәрсе демейді.

Сырттан бір кезде молда келіп, баласына ақырып:

– Ей, қолыңдағы қу ағашың не, таста!
– дейді. Бала қорыққаннан домбыраны

иесіне қайтарып береді. Сонда Қашаған молдаға қарап, домбыраны қолына алып отырып:

«Қолымдағы қу ағаш,
Сөйлеп тұрған бұл ағаш.
Қолымдағы ағашым,
Алып жүрген домбыра.
Домбыра күнә деген сөз,
Тек бір айтқан дабыра.
Таңда мақшар болғанда,
Кімнің жақсы - жаманын,
Алла білер соңыра.
Пайғамбарым туғанда,
Бесік болған бұл ағаш
Ыбырайым Кәбба салғанда,
Мешіт болған бұл ағаш.
Ықырам үйдің алдында,
Есік болған бұл ағаш.
Өзіңді тақсыр молда дейді,
Боқтағаның қай ағаш?
Хазіреті Мұсаға.

Аса болған бұл ағаш.
Жәннәттерге тұзақтан
Таса болған бұл ағаш.
Жәннәттән шыққан төрт қылыш,
Айтқан сөзім бек дұрыс.
Сол төрт қылыштың атын айтайын:
Бірі болар Зұлпұқар,
Бірі болар Зұлхажжа,
Бірі болар Хамсот,
Бірі болар Хамсос.
Сол төрт қылышқа
Қап болған да бұл ағаш.
Найырлардың қолында
Батырсына сап болған да бұл ағаш.
Өзіңді тақсыр молда дейді.
Боқтағаның қай ағаш?
Дарияның бетінде
Пырақ болған бұл ағаш.
Әулиенің басына
Шырақ болған бұл ағаш.
Ғаріп пенен ғасірге
Қуат болған бұл ағаш.
Жетім менен жесірге
Суат болған бұл ағаш.
Таршылық көрген талайға
Нәсіп болған бұл ағаш.
Балта ұстаған шеберге
Кәсіп болған бұл ағаш.
Өзіңді қазақ молда дейді,
Боқтағаның қай ағаш?
Шегін күнә десеңіз,
Жұмақтан келген қойдыкі.
Пернесін күнә дейсіз бе?
Есебі ол – пәннің он екі!
Құлағын күнә десеңіз,
Хазіреті Біләлдің
Құлағы екен десеңіз,
Тиегін күнә демеңіз,
Шиеленген сыр шешеді!
Зауықты күнә демеңіз,
О да айт пен тойдыкі,
Сазды күнә демеңіз,
Атамыз Адам пайғамбар.
Жеті сазбен жерге кеп,
Күй шертті деген бар.
Ол күндегі о да саз,
Бұл күндегі бұ да саз.
Сазды күнә деп жүрген,
Молдеке, сенің ақылың аз», – деп,

дүмше молданы ебден жерлейді. Қашаған дүмше молданың «ауызына шөп өлшеп алып, оның «білім» шамасын сезгесін «құдайды», «жұмақты», «хазіреті Біләлді», жұмақтан келген төрт қылышты, «сазды» тауып алып шала сауатты молданың діңкесін құртады. «Жапалақты жапалақпен ұрып» – діннің өз тілінде дәлелдерді үйіп-төгіп, домбыраны ақтап алады.

Құрманғазы Қашағанның Каспий теңізінің бір кезде жағадан шығып кетіп жақын отырған еңбекші елді апатқа ұшыратқанын желіге алып, бұқара халықтың налоғ, басқа алым - салықтың, айта қалғандай еңбек етудің апатына ұшырағанын суреттеген «Көбік шашқан» атты поэмасын тыңдай жүре сол поэманың программасын алып күй шығаруға бел байлайды. Құрманғазы поэманы негізге алып, сонда көрсетілген суреттерді одан да гөрі музыканың жан - жақты, жанның бәріне түсінікті тілімен байыта жаңа бір нәрсені дүниеге келтіреді. Күйдің аты «Көбік шашқан» болады.

Бұл кезде өмір практикасы да, музыка практикасы да ебден толыққанға ма, Құрманғазының бұл күйінің тілі бай, программасы кең, мелодиялық даму кезеңдері тамаша болып шығады. «Көбік шашқан» тек күй емес, шын мәнісінде, екі ішекті домбыраның мүмкіншілігінде шығарылған еңбекші елдің трагедиясына арналған «поэма» болады. Ол айтқанымыз отыншы жылдардың орта кезінде «Көбік шашқанды» оркестрге, одан кейін хорға түсіріп, оркестр сүйемелімен орындағанда

буынында да дыбыс күшін тоқтатпайды, әлсіремейді, еш жерде баяуламайды, тіпті кідіріс жоқ. Қайта кей жерлерінде, өсіресе, буындарды қорытылар жерінде музыка дүрлігіп - дүрлігіп кетеді. Қиын болған себепті «Терісқақпайды» көрінген домбырашы ойнай алмайды. Мұнда «Түрмеден қашқан» не «Сарыарқа» сияқты екпінін кумай күйдің өз ішіндегі жігері арқылы жылдамдап отырады. Орта дәрежелі орындаушылар «Терісқақпайды» кейбір кезеңдерін ала алмайтын болғасын, әлі күнге бұл күй халық оркестрлерінде орындалмай келеді.

Құрманғазы енді Сахмаға біржолата орналасып, бұрынғыдай ел аралап кете бермей, отырықшылық өмірге көшеді. Тек еріккенде әлі де құс аулайтын еді дейді оны көрген шалдар. Қадірлі күйшінің айналасына бұл кезде көптеген шәкірттері жиналып, күнде кешкілік Құрманғазы тұрған батаға (балық өндірісі тұрған жер) өн - күйдің, жырдың жәрмеңкесі болады. Діннің өкілдері, ескі заманды көксемген адамдар бұл батағаны кейін жаны батаға» деп кеткен. Осы күнге шейін Құрманғазының өмірінің соңғы күндерінің өткен жерін «Шайтани» дейді.

Құрманғазы өзінің бұрынғы «ат үстінде» жүрген дәуірімен хош айттысып, бір жерге отырғанын, өмір бойы жиһан кезіп келіп, енді бір демалуға айналғанын да ізсіз қалдырғысы келмейді. Домбыра шертіп «Демалғыс» деген тағы бір күй шығарады. Бұл күй аса көлемді емес, бірақ шебер қолдан шыққан мүліктің көркем мүсіні назарынды аударады. Қарт күйшінің жасы ұлғайған кезіндегі демалысын суреттеу күйі сол арнаған жағдайына сай келіп тұр.

Бұл күй халық арасына көп тарамған, соңғы жылдарда табылған болатын. Өзінің творчестволық өмірінің «сірге жияр» күйін Құрекең тағы өзінше атайды. Ұзақ өмір жырының түйіндісі болғаннан ба бұл күйіне творчестволық қорыту мәнісінде ат қояды. Атын «Итог» деп қояды. Бауырлас орыс тілін мектепте оқымағанмен, орыс музыкасын нота арқылы білмегенмен алғыр композитор сол бір өнерден, өмірден ілгері тұрған халықтың қандай да болса үлгі, өнеге етіп алатын жақтарын өз өнерінің, өз қолынан келгенінің айналасында алуға тырысып бақты. Күйлерінің кейбіреулерінің тек сырттай аттарын санағанның өзінде: «Лавочкин», «Перовский марш», «Машина», «Не кричи, не шуми», «Итог» дегендердің өзі күйшінің қандай прогрессивтік талабының барын көрсетіп тұр.

Құрманғазының «Байжұмасының» белгілі программасы жоқ. Күй басынан аяғына шейін лирикалық кейіпте жүріп отырады. Айта қалғандай кербез, сұлу, жанына тиетін психологиялық күй. Оның үстінде бұл күйді орындаудың үлкен мәні бар. Бұл күй тарсылдатып кететін күй емес. Қолды домбыраның бетіне тигізбей қағып және барлық он қолдың саусақтарымен емес, үлкен бармақпен сұқ қолды ғана пайдаланады. Күй адамның ішінде жатқан, мүмкін ешкімге айтапайтын, сыртқа шығармайтын, өзі ғана анда - санда оралып, есіне алып қоятын бір сыр сияқты. Кульминацияға барғанда жан толқуы күшейіп, әлденеше саққа жүгіріп, қиял шыңына тырысып, өрлеп барып асықпай, бапталып, біртіндеп кейін қайтады. Арман тауының басына шығып өмір құздарының, шатқал - аңғарларының көріністеріне маз болғандай, көңілі тынғандай тыныштықты дыбыс тізбектері көз алдына елестеп барып, алдыңғы ойдың аттап басқан жеріне келіп «аттың басын» тартады. Кішкене әрі сұлу «кода» «Я, солай!» деген сияқты ұзын ойды бір түйіп тастап барып бітеді.

«Байжұмада» орындау үстінде неше алуан дыбыс бояулары, дыбыс өрнектері, әшекейлері, кейде сыбырлағандай үндер, кейде кернеген іштей ашу кейіптері келеді. Күйдің логикалық дамуы адам таңқалғандай. Болашақ қазақтың аспапты халық музыкасын зерттеушілер үшін бұл күйде үлкен қазына жатыр.

«Терісқақпай» атты күй қазаққа көп кездеседі. Бұ да күй атынан гөрі белгілі форма болып кеткен нәрсе. Құрманғазының «Терісқақпайында», «Адай», «Түрмеден қашқан» сияқты аташасының программалы ырғағы бар. А.Затаевич «Терісқақпайдың» бір түрін жазып, оған берген комментарийінде: «...Тынышсыз, дедек қаққан синкопалар (акцент түрі. – А.Ж.), төменгі дыбыстарда үзіліп қалатын мына бір драмалық үндер, мына бір екпіннің үдеуі, тоналдық өзгерулер – бәрі келіп бір дүрсіл қаққан аташасысты суреттейді (әрбір дала адамының жүрегіне жақын мотив), драмалық шиеленіскен қатынастарды көрсетеді», – дейді.

«Терісқақпай» бастаған жерден-ақ қабырлы болып келеді. Күйдің ырғақтық қалыптасуы басқа күйлерге соқпайды. Мұнда қағыстың әлді кезеңі – қаққан қолдың жоғары қарай шыққанына тура келеді. Сондықтан бұл күйдің ырғағында акцент табиғи түрінде болмай ауысып келеді. Күйдің ауысқан акцент - синкопа арқылы орындалуы осыдан. «Терісқақпай» ешбір

«Итог» күйі де кішкене ғана, ықшам, бірақ музыка тілі өткір, психологиялық күй. Мұнда да Құрманғазыға тән өміршілдік, күнгейлік кейіп бар. Үлкейіп, алдында тек өлім тұр деген кісінің жан дүниесін суреттеу емес, әлі де өмір жырын жырлау, үміттілік музыка бар.

Сексенінші жылдардың ортасында күйшінің алып анасы, қимас досы, өмір бойы «тентек» ұлының өмірінде кездескен бораны мен жауынында тағдыр желінен екі елі де ықауған қадірлі Алқа қайтыс болады. Бүкіл Қызылқұрт болып құрметтеп қояды. Тек қол қысқалықтан Құрманғазы сүйікті анасының басына белгілі ескерткіш қоя алмайды. Сол араның едетіндегі балшық пен шөп қосындысынан жасаған биік қорған салады. Бірақ Алқаның образы күйшінің көз алдынан кезін жұмғанша кетпейді.

1889 жылдың күзінде Құрманғазы аз күн ауырып қаза болады.

Оны сол «Шайтаниға» жақын жердегі «Албасты - төбеге» алып барып қояды. Айтушылар Құрманғазыны қойған кезде ол төбенің ешбір аты жоқ еді, кейін Құрманғазыны шайтан ісімен (домбырамен) достасты деп, баяғы молдалар төбені «Албасты - төбе» атандырып жіберіпті дейді. Осы кезде ол төбе «Құрманғазы - төбе» болып аталады.

Құрманғазының артында көптеген шәкірттері қалды. Олардың ішінде біздің тұсымызда өмір сүріп, күйшінің көптеген шығармаларын біздің дәуірге жеткізіп бергендердің ішінде Дина Нүрпейісова, Ерғали Ещанов, Меңдіғали Сүлейменов және Мәмен (әкесінің аты белгісіз) бар...

PS. Ардақты оқырман академик Ахмет Жұбанов ағамыздың жазып қалдырған "Құрманғазы" атты тарихи, әдеби баянның газетімізден бірнеше санына жарияладық. Көңілдеріңізден шықты деген сенімдеміз. Құрманғазы атамызды "Құрманғазы төбесіне" қойып мақаланы енді осы жерден тоқтатсақ деп отырмыз. Ары қарай әңгіме ізбасарларымен жалғасады.

Азаматтар мен заңды адамдардың өтініш беру механизмін түсіндіру құқықтарды, сондай – ақ, тәртіпті қорғау үшін прокуратураға тартымды жауаптар

Прокуратура органдарына өтініштер келесі жолдармен беріледі:

- әдейі;
- пошта қызметі арқылы;
- электрондық үкімет порталы арқылы (электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылған кезде);
- «e-otinish» ақпараттық жүйесі арқылы.

Осыған байланысты, өтінішті тіркеу және қарау үшін оны жоғарыда аталған әдістердің бірімен прокуратура органдарына беру қажет.

Прокуратура органдарындағы өтініштерді қарау тәртібі «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабында, атап айтқанда:

- адам мен азаматтың, егер олар физиологиялық ерекшеліктеріне, психикасының бұзылуына және басқа да мән-жайларға байланысты өз құқықтарын, кәмілетке толмағандардың, сондай-ақ, адамдардың шексіз шеңберін өз бетінше қорғай алмаса, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- адамның және азаматтың, қоғамның немесе мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге, егер бұл мүдделерді қорғауды құзыретіне тиісті өкілеттіктер кіретін уәкілетті орган тиісті түрде қамтамасыз етпесе немесе мұндай құқықтар болмаған жағдайда;
- жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мекемелер, олардың лауазымды адамдары, меншік нысанына қарамастан басқа да ұйымдар араласқан жағдайларда олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қалпына келтіруге;
- Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына және ұлттық қауіпсіздігіне төнген қауіпті болдырмау мақсатында;
- жойылмауы адам өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқтыратын заң бұзушылық фактілері бойынша;
- Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша;
- Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша.

Өтінішті қарау мерзімі 15 жұмыс күнін құрайды.

Нақты мән-жайлар анықталған жағдайда, өтінішті дұрыс шешу, басқа мемлекеттік органдардан, меншік нысанына қарамастан мекемелерден, ұйымдардан ақпарат алу үшін шағымды қарау мерзімі басшының дәлелді шешімі бойынша ұзартылуы мүмкін (2 айдан аспауы тиіс). Өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы өтініш берушіге мерзім ұзартылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде хабарланады.

Прокурордың әрекетіне (әрекетсіздігіне) және актілеріне осы Конституциялық заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен жоғары тұрған прокурорға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Сот немесе жоғары тұрған прокурор прокурордың актілеріне немесе оның әрекеттеріне шағым бойынша шешім қабылданға дейін олардың орындалуын тоқтата тұруға құқылы.

Жоғары тұрған прокурор жеке және (немесе) заңды тұлғалардың шағымды бойынша не өз бастамасы бойынша төмен тұрған прокурордың актілерінің күшін жоюға, тоқтата тұруға немесе өзгертуге құқылы.

Санат БАЙТАСОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің өкілдерін талдау және
бақылау бөлім прокуроры.

Бизнесі қорғау



мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған бірыңғай қағидаттарды айқындайды.

Сонымен қатар берілген рұқсаттар мен жіберілген хабарламалар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына сәйкестігін тексерудің жаңа нысаны енгізілді.

Барлық енгізілген жаңа нормалар Кодекстің 13-тарауына сәйкес реттеледі.

Сондай-ақ, тексерулерді есепке алу мен тіркеудің барлық процесі «Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі» (ТСОБТ) ақпараттық жүйесінде цифрландырылған, ол тіркеу сатысында бизнесті заңсыз тексерулерден қорғауды, сондай-ақ, мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

Барлық қызықтыратын мәселелер бойынша, оның ішінде тексеруші мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз әрекеттер туралы өтініштермен Бас прокуратураның бірыңғай байланыс орталығына (телефон-115).

Сонымен бірге, кез - келген кәсіпкер Комитеттің «www.qatqog.gov.kz» ақпараттық порталында тексерістің тіркелуін көре алады.

Ернұр БЕКТҰРСЫНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекет басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді. Сонымен "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру www.egov.kz «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекен-жайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын. Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында "Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру" атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, қодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері он-лайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жіберу алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған. Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы

Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар



орындауға байланысты лауазымдарға қатысты болатын. Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді беруді мемлекеттік қызметтер көрсету санатына ауыстырды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің қабылдануы және ұсынылуы www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қызметтің орындалу мерзімі 10 минут, қосымша анықтамалық тексеріс жағдайында – 5 жұмыс күнді құрайды.

Сондай-ақ, қызметкерлерге қатысты мәліметтерді алу үшін, олардың келісімі болған жағдайда «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы жұмыс берушілерге қолжетімді. Осындай қызметті мобильді азаматтар базасында тіркелген жағдайда ғана алуға болады.

Мобильді азаматтар базасында тіркелу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияның кез - келген фронт-офисіне жүгіну арқылы «электрондық үкімет» веб-порталының «Жеке кабинетіндегі», «телефон» бағанында телефон нөмірін көрсету немесе оны жеке сәйкестендіру нөміріне (ЖСН) байланыстыру қажет.

Асхат ЖАҚСЫЛЫҚОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің аға прокуроры.

Ақпараттық – анықтамалық қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар

Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті qatqog.gov.kz ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Көрсетілген функционал азаматтардың ыңғайлығы мен уақытты үнемдеу үшін жасалған, яғни өтініштерді уәкілетті органға жолдап, оған жауабын 15-20 күн күтудің қажеті жоқ.

Сервис интернет - ресурстарды пайдаланушыларға үйден шықпай-ақ, сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепте болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qatqog.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізілімі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады. Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

Әлия БЕКСҰЛТАНОВА,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Департаментінің аға прокуроры.

Айдын ТӨРЕБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитетінің Жетісу облысы бойынша
Департамент бастығы, аға
әділет кеңесшісі.

АБАЙЛАҢЫЗ ИНТЕРНЕТ



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2 % құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 84, Текелі - 6, Ақсу - 2, Алакөл - 9, Ескелді - 8, Кербұлақ - 6, Көксу - 1, Қаратал - 4, Панфилов - 1, Сарқан - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері "WhatsApp" мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар "WhatsApp" мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені "WhatsApp" қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайтарын пайдалану арқылы да жасалады.

Өлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзіңіз дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етпеңіз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми "App Store", "Play Market" және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни, 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдалануы отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Мерейхан СЕРІКЖАН,

ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру аға прокуроры.

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етеді

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, яғни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);

- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);

- Жалғыз тұрғын үй авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);

- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);

- «Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);

- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);

- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);

- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);

- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекен-жай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады [kgd.gov.kz \(https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web\)](https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Занды тұлғалар» мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі. Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматта қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министрлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның өкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың өкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы өкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлдыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qatqog.gov.kz> сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын

мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады.

Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның фронт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу. Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзіннің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық департаментінің архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Талғат ОМАРХАНОВ,
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің
Жетісу облысы бойынша
Департаментінің
қылмыстық саладағы
құқықтық ақпаратты
қалыптастыру
аға прокуроры.

АҚ ТІЛЕУЛІ АНА



бас-көз болып өскендігінің арқасы еді. Ол өзінен кішкентайларға қамқор, үлгі болуға жастайынан тәрбиелеген еді. Еңбек ете жүріп, бес баланы дүниеге әкелді. Тәлімді қыз, тәрбиелі ұл өсірді. Еңбегі ақталып, барлығы өмірден өз орындарын тапты. Қоғамда әрқайсының орны бар. Ұлы Ғазиз елдің өркен жаюына бар білім-білігін арнап жүрген азамат. Адалдығымен, қарапайымдылығымен көпке үлгі. Ақсу – Сарқан жұртының экономикалық-әлеуметтік жағынан өркендеуіне үлес қосып келе жатқанына бірнеше жыл. Ата-ана аманатына адал жан.

Гүлдана Отарбай ағаның жұмысына байланысты Ақсу – Қапал өңірінің бірнеше елді-мекенінде тұрды. Молапы станциясында, Алажиде қой кеңшарында мемлекет мүлкін сақтайтын қоймаларға

меңгерушілік етті. Көптің несібесінің ысырап болмауын қадағалады. Қойманың байлығын өз мүлкіндей сақтады. Мұндай шаруаны жауапсыз, немқұрайды адамға сеніп тапсырмасы анық. Гүлдана Мейірбайқызы кеңшар байлығын ұқсата білді. Көптің алдында абыройлы-ақжүзді болды. Ол қалаға қоныс аударып, бейнетінің рахатын көруді армандады. Сол күнге де жетті. Бірақ, Гүлдана ана зейнет жасында да үйренген әдетімен еңбек етіп, кәсібін дөңгелетті. Кәсібі – нәсібін арттырды. Бала – шағасының ештеңкеден тарықпай өмір сүруі үшін өмірінің соңына дейін еңбек етіп, тілеуін тіледі. Ел-жұртының арасында бақытты ғұмыр кешті. Ешкім мәңгі өмір сүрмесі анық. Бірақ, мәнді өмір болады. Гүлдана ана мәнді-мағыналы ғұмыр кешті. Өмірін еңбекпен өрнектеген ана бір жыл бұрын өмірден озды. Соңында ұлағатты ұрпағы, жақсы аты қалды. Бүгінде балалары өсіп-өніп, немерелері бір қауым елге айналды. Ананың ақ тілеуі орындалды деген осы.

Гүлжан ТҰРСЫН.

Өмірдің мәні



«Өмір» - деген, асуы көп бір белес. Адам өмірге келген кезден бастап, өмірдің қуанышын, қайғы-қасіретін бірге кешетіні баршамызға аян. Ал, осы өмір сүрудегі өмірдің мәніне көз жіберіп қарасаң, соның өзін өркім әрқалай, өзінше түсінуі мүмкін екен. Адамға ең бірінші өмірдің мәні- ол отбасы деп білемін. Отбасында адам тәрбиені, тазалықты, білімді, парасаттылықты ұстай отырып, қуанышты өмір сүрсе

және де кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатындай, салауатты өмір салтын ұстанатындай, сондай-ақ, өмірден өз орнын нақты табатындай ұрпақ тәрбиеленсе, бұл өмірдің мәнінің ең бастысы екеніне күмәніміз жоқ.

Сонымен қатар, өмірдің мәні өркімге әрқилы болып қалыптасуында мүмкін. Сол себепті, өмірдің қазынасы асуынан шыдамдылықпен, төзімділікпен өте білу керек деп білемін. Сондықтан өмірге келген әрбір адам, өмір сүруде алдыға қарай талпынып, жақсылыққа құштар, жан-жақты болып, қиыншылық болса да жеңе біліп, алдыға қойған мақсатына жетіп, отбасында тату – тәтті өмір сүрсе, одан асқан өмірдің мәні жоқ шығар деймін. Қорыта келе, өмірдің мәнінде, сәніде осы айтылған ойларымдағыдай деп білемін.

Динара ЖАНАТБЕКҚЫЗЫ,
“Aqsy Jasty”
филиалының психолог маманы.

Жемісу облысында "JETISU CUP – 2024" жеңімпаздары анықталды



сы, II орын Алматы қаласынан келген «Levsha» командасы, III орынға «Jaidarman» Астана қаласы және «Jebe» Талдықорған қаласы алды.

Турнир барысында үздік ойыншылар арнайы номинациялармен марапатталды:

Үздік қақпашы – Өзім Өзімов;
Үздік қорғаушы – Беріков Данабек;

Үздік ойыншы – Тима Левша;

Үздік бомбардир – Еркебұлан Мұсабек.

Бұл турнир тек спорттық сайыс қана емес, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Сонымен қатар әр өңірден келген командалар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға үлкен септігін тигізді.

● МҰРАГЕРЛІК

25.04.2024 жылы қайтыс болған Дебирова Заман Магомедовнаның атынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус А.М.Құндақбаеваға келуі керек. Мекен – жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №20 ғимарат. Тел.: 8-702-705-94-91.

Қазақстан - Республикам менің!

Республика күні - бұл күнді сан ғасырлар бойы бабалармыз аңсап, найзаның ұшымен, білектің күшімен тәуелсіздікке қол жеткізді. Он үш жылдан кейін қайта оралған мереке бүгінгі күн - барша қазақ елі үшін қуанышты жайт.



жолдардан өтті деуге болады, себебі, өзінің егемендігін, тәуелсіздігін жариялау үшін қаншама қаракөз апалармыз, боздақ бозбала ағалармыз кеудесін оққа тосты, жан кешті.

Осы уақытқа дейін Қазақстан әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Осы мерекені «мектепке дейінгі шағын орталығы бар Н.Есеболатов атындағы орта мектеп» шағын орталықта ересек топта республика күніне арналған ашық тәрбие сағаты өтті. Балаларға көк туымыздың қадір - қасиеті туралы кеңінен түсінік берілді.

Балаларға Әнұранын, тақпақтар айтқызып, Отанын, елін, жерін сүйе тәрбиелеу мақсатында балалардың мерекелік кеште көңіл - күйлері жоғары болды.

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Қазақстанмыздың туы мәңгі желбірей берсін!

Ж.МОЛБАЕВА,
«Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Н.Есеболатов атындағы орта мектеп» КММ-нің ересек топ тәрбиешісі.



Республика күні - нағыз қазақтың кеудесі қуанышқа толы болатын, халықтың думандатып тойлайтын, мерекелік көңіл - күй орнайтын, сыйлайтын айтулы күн.

Елім деп еңіреп, жұртым деп жамырап, жан қиған қазағымыз ежелден еркіндік аңсаған. Сондықтан қазірге дейін Қазақстан көптеген қиындық

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2209

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 65750
Оффсеттік басылым көлемі 26 т.